

Жаңақорған аудандық көпбейінді орталық ауруханасы
ұжымы қызметкерлерімен өткізілген жиналыштың

ХАТТАМАСЫ

12.12.2023 ж

№9

Жаңақорған кенті.

ҚАТЫСҚАНДАР: Бас дәрігердің орынбасары, медицина қызметкерлері, бөлім менгерушілері. Мекеме зангері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ: Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі туралы

ТҮНДАЛДЫ: мекеме зангері Ж.Ашимов – күн тәртібіндегі мәселеге орай Жаңақорған аудандық көпбейінді орталық ауруханасының медициналық қызметкерлеріне өз баяндамасын жасады.

Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін іndet. Сыбайлас жемқорлықпен курсу бүгінгі күннің курделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастап токтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-еркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізіг басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі курделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрган мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған зандар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең үғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керк. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абырайсыздық ұялатады, занды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен занды мұдделерінің бұзылуына тұрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбі азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мұдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендер, етек жайып, етене сіңіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Жиналыш төрағасы:
Хатшы:

Ж.Ашимов
Р.Серикбаев